ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА

010000, Астана қаласы, Жеңіс даңғылы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 қабылдау бөлімі
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

010000, город Астана, Проспект Победы, 11
тел.: 8(7172) 71-81-03 приёмная
тел.: 8(7172) 71-77-67, факс: 8(7172) 71-81-04

02.04.2019г. № КВГА-19/5175

ЖШС «DELTA GROUP-1»

Қазақстан Республикасының Қаржы министірлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті, Сіздің 10.03.2019 жылғы мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы түскен № 32017 арызыңызға, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 4-тармағының 1-тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 30.11.2015 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес жүргізілген камералдық бақылауға сәйкес шағымда көрсетілген уәждер расталмады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының 150 тармағының 1 тармақшасына сәйкес, Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер:

Конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмауы.

Сонымен қатар, камералдық бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілген «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ережесінің 19-тармағының екінші абзацына сәйкес жүргізілді.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 47-бабының 6-тармағына және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабына сәйкес қабылданған уәкілетті органның шешімімен келіспеген жағдайда, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар.

Бұл ретте ҚР 2015 жылдың 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу» Заңының 47-бабы 9-тармағына сәйкес дауларды шешудің сотқа дейінгі процедурасы міндетті болып табылады.

Төраға орынбасары **Шайназарова Ш.**

Орын.: Шуинов Д.Б.
Тел.: 8(7172)71-74-15